

## БЕЛЬГЕРДІҢ ОЙЛАРЫ

"Қазақ тілі үшін барымды беруге дайынмын. Менің рухани тірегім Абай Құнанбайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов. Қазақ тіліне үңілген сайын тереңдей түстім".

\*\*\*

«Менің ұғым-түйсігімде қазақ тілі құдды қазақтың осынау кеңпейіл, мейірбан дархан даласы сияқты ғажайып ұшан-теңіз бай, шешен де көркем тіл. Тек сол оралымды бай тілді "қиыннан қиыстырар ел данасы" керек. Өз басым осылай түсінемін»

\*\*\*

«Азаттық тек күштілерге керек. Әлсіздерге құлдық та жарайды. Азаттық алған құл өлтіреді.»

\*\*\*

«Адамды қалай болса, солай, қаз-қылпында қабылдау керек. Әйтпесе, оны көрместей боп кетуің мүмкін.»

\*\*\*

«Ұстамдылық тұрмыста, өмірде жақсы болғанмен, шығармашылыққа жарамайды. Құштарлық ұстамдылықпен бірге жүрмейді.»



*«Герольд Карлович – көптеген дәстүр мен мәдениеттің энциклопедиялық білгірі ғана емес, қазақ тілінің де керемет білгірі еді. Ол тілдің түрлі қырларын, оның этнографиялық әрін, мәнін түйсіне білді.»*

*Әуез М.М.*



Құрастырған және безендірген:  
ОҚК библиографы Г. Ж. Алқайдарова  
“И. ШУХОВ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ  
ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНА” КММ

Мекен-жайы: СҚО, Петропавл қ.,

Брусилковский к., 65

Телефон: 8(7152)50-04-11

8(7152)33-19-57

Сайт: shuhovlibrary.kz

E-mail: shuhov\_lib@mail.ru

<https://vk.com/shuhovlibrary>

@shuhov\_kitapkana


<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>

<https://www.youtube.com/@shuhovlibrary>

«И. Шухов атындағы орталық қалалық  
кітапхана» КММ

# ҰЛТ ЖАНАШЬРЫ – ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР

БУКЛЕТ



ПЕТРОПАВЛ

2024



## Герольд Бельгер – (1934 – 2015)

Танымал жазушы,  
прозашы, публицист,  
әдебиет зерттеушісі,  
сыншы, аудармашы.


Герольд Бельгер

1934 жылы 28 қазанда Саратов облысы Энгельс қаласында туды.

1941 жылы Сталиннің жарлығымен этникалық неміс ретінде ата-анасымен бірге Қазақстанға жер аударылған. Осыдан бастап ол Солтүстік Қазақстан облысында, қазіргі Ысқақ Ыбыраев ауылының маңындағы қазақ ауылында өсті.

Бала Герольд үйінде отбасымен неміс тілінде сөйлесті. Ал қазақ тілін мектепте, көшеде балалармен араласып жүріп меңгеріп алды.

Герольд Бельгер кішкентайынан кітапқа әуес болды. "Көп оқыдым. Үш тілде. Мені адам қылған осы менің рухани үш тірегім", - деген еді ол.




Қазақ орта мектебінде білім алды. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының филология факультетіне оқуға түсті.

Герольд Бельгер еңбек жолын Жамбыл облысында орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беруден бастады. Кейін "Жұлдыз" әдеби журналында қызмет етті, ал 1964 жылдан бірыңғай шығармашылық жұмысқа бет бұрды.

1971 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі атанды.


1992 жылдан неміс тіліндегі "Феникс" альманағы бас редакторының орынбасары болып істеді.

1994-1995 жылдары Қазақстан Жоғарғы кеңесінің депутаты болды. Алайда бұл қызметке Бельгер амалсыздан келіскен.



Герольд Бельгер шығармаларын қазақ, орыс және неміс тілдерінде жазды. Өзге ұлт өкілі болса да, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, тарихын жетік білді. Қазақ әдебиетінің шын жанашыры болды.

Абай мұраларын зерттеді, Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәмил Нұрпейісов, Әбіш Кекілбаев, Дүкенбай Досжан және тағы басқа қазақ жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударды.



Бельгер, Г.К. Қазақ сөзі=Казахское слово: эссе / Г.К. Бельгер; главный редактор и корректор Б. Карашин; перевод Жолмановой Ж.Т. - Атырау: ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейнолы Кабдолова «Қ@3@ҚШ@ С@ЙР@- 2022», 2022.- 116 с.

Бельгер, Г. Қазақ дәптері. / Герольд Бельгер. - Алматы : «Өлке», 2011. - 272 б.